

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің  
«№32 «Мөлдір» бөбекжай-бақшасы» КМҚК –ның кезектен тыс  
педагогикалық кеңес **хаттамасы**

29.04.2022 жыл.

Қатысты: 17 адам.

**Күн тәртібінде:**

1. «Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№32 «Мөлдір» бөбекжай-бақшасы» КМҚК өзін-өзі бағалауды жүргізу.
2. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамымен таныстыру.

**Тыңдалды:**

1. Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі А.Г.Абишева сөз алды.  
Бөбекжай-бақшада Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 59-бабының 4-1) тармағына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығына, ҚР Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» бұйрығына, «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Атырау облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің ММ 2022 жылғы 02 ақпанындағы №17-13-03-06/127 шығыс хатына сәйкес 2022 жылдың 3 мамырынан бастап 23 мамыры аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілетіндігін айтты.
2. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамымен меңгеруші А.Г.Абишева таныстырды.
  - Комиссия құрамы төмендегідей құрамда бекітілді:
  - Абишева А.Г.-комиссия төрайымы, бөбекжай-бақша меңгерушісі;
  - Рахмашева К.Н.- комиссия мүшесі, бөбекжай-бақша әдіскері;
  - Чурмантаева А.М.-комиссия мүшесі, бөбекжай-бақша психологі;
  - Магауина Р.Н.-комиссия мүшесі, бөбекжай-бақша медбикесі;
  - Дюсенбаева А.А.- комиссия мүшесі, бөбекжай-бақша тәрбиешісі;
  - Ергалиева А.М.- комиссия хатшысы, бөбекжай-бақша тәрбиешісі.

Комиссия мүшелеріне білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарының кезеңіне қызметтің барлық бағыттары бойынша бөбекжай –бақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізіп, барлық өлшемшарттар бойынша есептер дайындау жүктелді:

- Әдіскер Рахмашева К.Н. Тәрбиеленушілермен педагог кадрлардың жетістіктерінің сапалық құрамы және мониторингі. Білім беру және оқыту, МЖМБС орындау, тәрбиеленушілердің жетістіктерін бақылау, пәндік-кеңістік орта құру;
- Психолог А.М.Чурмантаева. Бөбекжай-бақшаның педагогикалық, психологиялық қызметін жүзеге асыру.Ата-анамен жұмыс жүргізу бағыттары.
- Медбике Р.Н.Магауина. Мектепке дейінгі ұйымда сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, бөбекжай-бақшаның санитарлық – эпидемиологиялық жағдайы.
- Тәрбиеші Дюсенбаева А.А.Тәрбиеленушілердің зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелеріне талдау жүргізу.

**Кезектен тыс педагогикалық кеңестің шешімі:**

1. Көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру бойынша білім беру ұйымы қызметінің тиімділігін объективті талдау және өзін –өзі бағалау жүргізілсін.
2. Комиссия мүшелерінің білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы жөніндегі есептері дайындалып, мерзімінде ұсынылсын.
3. Бөбекжай-бақшасы өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізілсін.

Комиссия төрайымы:

Бөбекжай-бақша меңгерушісі:



А.Г.Абишева

Комиссия хатшысы:

бөбекжай-бақша тәрбиешісі:



Ергалиева А.М